



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН






«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
« 19 » 01 2024ж.

**«САНАЛЫ ҰРПАҚ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТУДЕНТТІК КЛУБЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

№ 148

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК	Басылым: екінші
	«Саналы ұрпақ» СЖҚ студенттік клубы туралы Ереже	2-бет, 8 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г.Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшығұлова		18.04.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.04.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	«Саналы ұрпақ» СЖҚ студенттік клубы туралы Ереже	3-бет,8 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	4
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	5
8	Жауапкершілігі	6
9	Қорытынды ережелер	6
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	7
	Танысу парағы	8
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК	Басылым: екінші
	«Саналы ұрпақ» СЖҚ студенттік клубы туралы Ереже	4-бет,8 беттен тұрады

1 Жалпы ереже

- 1.1 «Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубы – бұл білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа, сондай-ақ жалпы сыбайлас жемқорлық мәселесіне немқұрайлы қарамайтын студенттер мен магистранттардың бірлестігі.
- 1.2 Студенттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл дағдыларын ендіру.
- 1.3 Жастар арасында адалдық пен әділдік ұғымын насихаттау.
- 1.4 «Саналы ұрпақ» СЖҚС клубы түрлі бағыттарда белсенді қызмет атқарады. Оларға: сыбайлас жемқорлықты теориялық зерттеу, сыбайлас жемқорлықтың мониторингі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық бастамаларға қатысу жатады.

2 Қысқартулар

«Саналы ұрпақ» СЖҚС клубы-«Саналы ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубы;
 АМЖП-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
 ҚББ-Құрылымдық бөлімнің басшысы;
 СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы (2017 жылғы 10.03.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- 3.2 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 15 қарашадағы № 410 ҚР Заңы V ЗРК;
- 3.3 Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы;
- 3.4 АУ ведомстволық құжаттары;

4 Негізгі міндеті

«Саналы ұрпақ» АСК міндеттері:

Клубтың негізгі міндеті – студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру. Сондай-ақ,

- рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбиеге бағытталған шараларды іске асыру;
- білім алушылардың саяси-құқықтық білімдерін қалыптастыру;
- студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу

5 Негізгі қызметі

- 5.1 жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жоспарлар мен іс-шараларды әзірлейді;
- 5.2 түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу арқылы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерге төзбеушілікті қалыптастыру;
- 5.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі аспектілері бойынша пікірталастарды, пікірталастарды, пікірталастарды ұйымдастыру;
- 5.4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа жаңа мүшелерді тарту бойынша жұмысты ұйымдастыру

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАК	Басылым: екінші
	«Саналы ұрпақ» СЖҚ студенттік клубы туралы Ереже	5-бет,8 беттен тұрады

- 6 Ұйымдық құрылымы**
- 6.1 Президент, вице-президент, комитет басшылары, клуб мүшелері.
- 6.2 Клуб ішіндегі комитеттер:
- ✓ Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықты зерттеу комитеті;
 - ✓ Әлеуметтік саладағы сыбайлас жемқорлықты зерттеу комитеті;
 - ✓ Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жөніндегі Комитет;
- 6.3 Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің кез келген студенті немесе магистранты "Сааналы ұрпақ" студенттік клубының мүшесі бола алады.
- 7 Құқығы**
- 7.1 «Саналы ұрпақ» СЖҚС клубы міндеттері мен құқықтары:
- Президент – Клуб басқарушысы болып саналады.
- 7.2 Президент құқылы:
- Кезекті және кезектен тыс жиналыстар өткізуге;
 - СЖҚС клубы іс-әрекетін университет әкімшілігімен және басқа да студенттік ұйымдармен сәйкестендіруге;
 - СЖҚС клубы әкімшілігі мен мүшелерін бекітуге;
 - Өз орнына президент дайындап қалдыруға;
 - СЖҚС клубына байланысты басқа да сұрақтарды шешуге.
- 7.3 Президент міндетті:
- СЖҚС клубының жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
 - СЖҚС клубының әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
 - Клубтың жұмысын ұйымдастыруға;
- 7.4 Вице-президент – президенттің орынбасары, Президент болмағанда, Президенттің қызметтерін уақытша атқарушы. Вице-президентті клуб мүшелері бірауыздан сайлайды.
- 7.5 Вице-президент құқылы:
- Қолы бос уақытта жиналыс өткізуге;
 - СЖҚС клубының жұмыстарына президент рұқсаты арқылы өзгерту енгізуге;
- 7.6 Вице-президент міндетті:
- Президенттің берген тапсырмаларын орындауға;
 - Кезекті жиналыс өтетін орынға жауапты болуға.
- 7.7 «Саналы ұрпақ» СЖҚС клубы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:
- Клубқа мүше болу және шығу еріктілігі;
 - Әлеуметтік маңызды іс-шараларды, конференцияларды және Клуб мәжілістерін жоспарлау және өткізу бойынша талқылау;
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға белсенді қатысу;
 - Президент пен вице-президентке ұсыныс жасауға құқылы;
 - Уақытылы жиналысқа келуге міндетті.
- 7.8 СЖҚС клуб жиналысы
- СЖҚС клуб жиналысы – клубтың басты мәселелерін шешу және әрі қарай дамытуға бағытталған жиналыс. Оған СЖҚС клубы әкімшілігі мен мүшелері қатысады. Кезектен тыс жиналыс Президенттің бастамасымен, клуб мүшелеріне алдын ала ескертіліп өтеді.
- 7.9 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.
- Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.
- ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ	Басылым: екінші
	«Саналы ұрпақ» СЖК студенттік клубы туралы Ереже	6-бет,8 беттен тұрады

қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

8 Жауапкершілігі

- 8.1 "Саналы ұрпақ" Сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клубының мүшелері өз қызметіне жауапты.
- 8.2 Өз міндеттемелерін олардың шарттарына, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған кезде – жалпы қабылданған этикалық нормаларға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес тиісті түрде орындауға міндетті.

Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады

9 Қорытынды ережелер

- 9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

- 10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді.

Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады.

Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

